

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ОРТАЛЫҒЫ

Балаларға қосымша білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын
білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курстары туралы
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

2015 жылғы мамыр

Орал қ.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша 2015 жылғы 18-27 мамырда «Экологиялық-биологиялық бағыттағы балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогикалық технологиялар» тақырыбында біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырып өткізуде.

Курста экологиялық–биологиялық бағытта қосымша білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын қосымша білім беру және жалпы орта мектеп ұйымдарының педагогтері біліктілігін арттыруда.

Бағдарламада экологиялық–биологиялық білім мазмұнын жаңарту жағдайында қосымша білім беру сапасын арттыру, балаларға қосымша білім беруді жетілдіру және әрі қарай дамыту үшін дәрістер мен тәжірибелік сабақтар, шеберлік сыныптар, тренингтер қарастырылған.

Бағдарламаның теориялық блогы – тәжірибеге бағдарланған білім беруге көшу жағдайында педагогикалық іс-әрекетті жетілдіруді, балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың әдістемелік жұмыс тәжірибелерін жалпылауды және таратуды, оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуді және ресімдеуді көздейді.

Тәжірибе блогы - бала тұлғасының дамуына бағытталған тәрбие және беру қызметінің сапасын арттыруға мүмкіндік беретін негізгі педагогикалық технологияларды ашып көрсетеді, дамыған тұлғаны тәрбиелеудегі педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге ықпал етеді.

Дәрістер мен шеберлік сыныптарды өткізу үшін қосымша білім беру саласында еңбек өтілі бар жоғары оқу орындарының оқытушылары, ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері, кандидат/доктор ғылыми дәрежесі бар педагог-практиктер тартылатын болады.

Республикалық курстың бағдарламасы қосымша және жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне білімдерін жаңартуға және кәсіби біліктіліктерін арттыруға, сондай-ақ жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасауға септігін тигізеді.

Курс тыңдаушыларына кәсіби біліктілікті арттыру туралы куәлік берілетін болады.

Қосымша мәлімет алу үшін төмендегі телефонға хабарласуыңызға болады: 8 (7172) 24-93-08, 8 (701) 500 18 17; e-mail: Kalievdin@mail.ru